



Қызылорда облыстық жастар газеті

# Ақмешіт

6+

...Мен жастарға сенемін!

Мағжан

# ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады



№6 (543)  
8 ақпан,  
2024 жыл



## ҒИБАДАТ. НИЕТ. ЕҢБЕК

ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫРҒА ЖЕТЕЛЕЙДІ

Жастар арасында ислам дініне қызығушылар саны артты. Әлеуметтік желіде діни контент көбейді. Бұл – жастардың рухани ізденісі. Дегенмен оларды жат ағымнан сақтау жұмыстары қалай жүргізілуде? Облыстағы діни ахуал қалай? Бұл туралы «Ақмешіт Сырдария» орталық мешітінің бас имамы Дастан Құрманбаевпен сұхбаттастық.

– Дастан Жанасұлы, сіз облысқа бас имам болды дегенде жастар бір-біріне хабарлап, қуанғанын байқадық. Бұған әлеуметтік желідегі танымалдылығыңыз, жастарға жақындлығыңыз әсер еткен секілді. Қызылордаға келуді мұғият ұсынды ма, әлде өзіңіз сұрандыңыз ба?

– Байқоңырда туып-өскенмін. Мектеп бітірген соң Нұр-Мүбарак университетінде бакалавриат, магистратурада білім алып, 2016 жылы Байқоңырдағы мешітке имам болдым. Мұнан кейін Қызылордадағы «Айтбай» мешітінде, «Ақмешіт-Сырдария» орталық мешітінде найб имам қызметін атқардым. Былтырғы ораздан кейін Алматыда еңбек еттім. Қызылордадағы бас имамның қызметі ауысатын болғандықтан, кадр бөлімі «Бұл жұмысты кімдер атқара алады?» деп қараған болса керек, маған ұсыныс айтты. Біз көбіне әскери адамдарға ұқсаймыз. Діни басқарма қай жаққа бар десе де, сонда барып, жұмыс істейміз. Міндетіміз – адамдарға көмек көрсету, ел игілігі үшін қызмет ету. Қызылорда – туған жерім. Сондықтан бұл жақта да шын ниетіммен халыққа қызмет етуге, дінді үйретуге әзірмін.

3-бетте



## ҚАЛЫҢ ҚАЛАЙ, ҚАЗАҚ БӘЙГЕСІ?

**Біріккен Араб Әмірлігінде өткен беделді бәйгеде қазақстандық сәйгүлік жеңіске жетті. Ат десе делебесі қозатын қазақ мұны естігенде елең етті. «Кімнің аты екен? Банкері кім?» Дубайды дүбірлеткен тұлпардың АҚШ-та дүниеге келгенін, тұқымы таза ағылшын екенін білгенімізде «біздегі қазақы жылқы мен бәйгені жайы қалай?» деген сұрақ туындағаны рас.**

ӘЛЕМДІ АУЗЫНА ҚАРАТҚАН  
КАБИРХАН

Алдымен бәйгеден әлемдік турнирде үздік атанған Кабирханға тоқталсақ. Аламанды қазақтың абыройын арттырған тұлпар 4 жаста, таза ағылшын

тұқымдас айғыр. Алғашқы жарысын Алматы ипподромында бастаған жүйрікті Руслан Юлдашев дайындаған. Сол жылы Кабирхан өз қашықтығында екі жастағы арғымақтар арасында Қазақстанның ең үздік ұшқыры атанды. Бәйге науқаны аяқталғасын Кабирханды жеке кәсіпкер Тілек Мұхамбеталиев сатып алып, Ресейге жібереді. Ол жақта белгілі атсейіс Арыслангерей Шауев жаттықтырып, екі рет Дербидің үздігі атандырады. 2023 жылдың қараша айында ат иесі сәйгүлікті Дубайдағы бәйгелерге сынауға алып барады. Дубайдағы жаттықтырушысы – америкалық Дуглас Уотсон. Біріккен Араб Әмірлігінде өткен әлемдегі ең үлкен «Мейдан» ипподромындағы әл-Мактум ат шабысында Кабирхан 13 дүлдүлдің ішінен бірінші келіп, әлемді

аузына қаратты. Дүбірлі додаға Кабирханнан басқа талай бәйгелердің алдын бермеген Mimi Kakushi, Atletico El Culano, Clapton, First Constitution және Military Law сынды асыл тұқымды тұлпарлар да қатысқан.


Жалпы Кабирхан бұған дейін 9 жарысқа қатысып, сегізінде бірінші, біреуінде екінші орын иеленген. Ел арасында «иесі тұлпарды сата ма, шабандоз неге өзге ұлттың өкілі?» деген сұрақ та бар. Бірақ ат иесі сәйгүлікті саптайтынын, 30 наурызда Дубайда өтетін әлемдік бәйгеге қатысатынын жеткізді. Ал шабандозды банкер таңдайтынын, сол атқа үйренген адам ғана отыра алатынын әрі оның халықаралық лицензиясы болу керектігін айтты.

7-бетте



«ДЕКРЕТТЕГІ  
ӘКЕЛЕР»:  
ТҮРМЫС, ТАБЫС, ТАҒДЫР

2



«БОЛАШАҚ»  
БАҒДАРЛАМАСЫ  
БАЙ-БАҒЛАННЫҢ БАЛАСЫНА ҒАНА  
АРНАЛМАҒАН

5



СӘЛЕМНІҢ  
ӘДЕБІ  
ӘДЕМІ МІНЕЗДЕН

8

## КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯ: КЕМЕЛ КЕЛЕШЕК КІЛТІ

Креативті экономика Қазақстанда перспективалы бағыт ретінде жолға қойылып келеді. Дегенмен ол нарықты қолдау саясатын құруда қиындықтар тудырғаны жасырын емес. Әйткенмен алғашқы талшыныс пен табыстың табы сезіледі.



Әр елдің өз ерекшелігі бар. Бірі әнмен баурайды, халық көңілін киномен жаулайды. Тындап отырып қалай қызыққанынды, көріп отырып сол елдің мәдениеті мен ерекшелігіне, тіліне, өмір салтына қалай көңілін ауғанын аңғармай қаласың. Сол мезет саяхаттап барғың келеді, тіпті көшіп кету туралы ой жетелеп кетуі мүмкін. Алысқа бармай-ақ, түрік серналы мен корей К-роның қазақ қоғамына қалай әсер ететінін байқап, сезіп жүрміз. Жұмсақ күш. Иә, жұмсақ дегенді тырнақшаға алған жөн болар. Өйткені бұл – үлкен бір нарық, игере алсаң, қала берді, тұтас бір елдің экономикасын дөңгелететін алып күштің нақ өзі. Өздеріңіз білетіндей, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында әрбір облыс орталығында және ірі қалаларда креативті индустрия орталықтарын құру қажет екенін айтқан болатын. Негізінен, креативті индустрияны дамыту туралы нарратив кейінгі жылдары билік тарапынан жиі айтылып жүр. 2021 жылы Үкімет Креативті экономиканы дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын да бекітті. Бүгінде еліміздегі бұл нарықтың ахуалы қандай? Қалай дамыта аламыз? Сарапшылар мен нарық өкілдерінің пікіріне шолу жасап, саланы сараптап көрдік.

4  
бетте

Тағдырдың сынағын өзгеріске бастар қадам деп қабылдау – ерлік, табандылық өлшемі. Әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандардың өмірге құлшынысы, өнер мен спортқа ұмтылысы алабөтен. Бұған аймақтағы парабишілер үйірмесі дәлел. Мұндағы әрбір үйірме қатысушысы жаңалыққа жақын, жақсылыққа үйір. Кәсіби шеберлікпен қатар адами құндылықты дәріптеп, көпке үлгі болуда.

## АРБА БИ АРМАҢҒА ЖЕТЕЛЕЙДІ



8  
бетте

Басы 1-бетте

# ҒИБАДАТ. НИЕТ. ЕҢБЕК

## Ғибратты ғұмырға жетелейді

– Жастар арасында дінге эмоциямен келетіндер көп. Өзін «іздеп», тура жолмен жүргізіп, дін жолындағы замандастарына еліктеп, намаз бастайды. Бірақ бұл бірнеше айға ғана созылады. Тұрақтылық болу үшін не істеу керек?

– Жасыратыны жоқ, қазіргі буын өкілдері жалыққыш. Әр дүниеге тез қызығады, тез басылады. Бұл мамандыққа, кәсіп түріне, спортқа да қатысты. Шыдамсыздық па? Әлде, өзі күткен нәтижені жылдам орындалуын қалай ма? Мұндай әдет дін ұстанғанда да байқалады. Намаз оқығаннан кейін бірден жолы ашылып, рухани кемелденіп, денсаулығы жақсарып, тұрмысы түзелеп кеткенін қалайды. Бірақ өмір болғасын сынақ та қатар жүреді. Реалистік көзқарас керек. Намаз оқу, ораза тұту, мұның бәрі – ғибадат. Бізді өмірге әкелген ата-анамызға қызмет етсек, «орнына не бересің?» деп ақы сұрамаймыз ғой. Дәл сол секілді біздің құлшылығымыз әлемді жаратқан Алла алдындағы парызымыз. Намазға келгесін соған сәйкес өмір сүру керек. Қураңда парыз амақтардан бөлек, көркем мінез, адамдармен қарым-қатынас, рухани тазалық, адал еңбек ету туралы да айтылады. Сондықтан жан дүниемізге үйіліп, жүректі көрсалмаушылық, қызғаныш, тақапарлық сезімдерінен тазалау керек. Ғибадат пен ниет, еңбек біріккенде ғана ойдағыдай нәтиже күтуге болады. Жастар «намаз оқысам болды, бәрі орнына келе қалады» деп ойлайды. Намаз – ол бастамасы. Көздеген бағытқа жетуге 100 қадам керек десек, намаз соның біріншісі. Қалған 99-ы еңбек, тұрақтылық, ерік-жігерден тұрады.

**– Орамал тағып, хиджаб кию де сөнге айналып бара жатқандай. Хиджабтардың көбі тартымды, түсі де әдемі. Бұлай киіну дінге сай келе ме?**

– Әдемі киінуге тыйым салынбаған. Бірақ киіммен ерекшеленіп, оны тастармен көмкеріп, сәндеп берудің де қажеті жоқ. Өйткені орамал мен хиджабтың мақсаты – жабық киіну, бөтен ер-адамдардың көзіне түспеуге тырысу. Ал жалт-жулт еткен киім керісінше көз тартады. Ел назарын аударады. Қыз бала әдемілігін барынша жасырғаны абзалырақ.

**– Жастардың көбі интернеттегі контент арқылы діни сауатын ашуда. Олар бұл саланы кәсіби түрде қалай оқи алады? Медресе, университетке қабылдау қалай жүргізіледі?**

– Алдымен адам «діни білім алғым келе ме, әлде діни мамандықты меңгергім келе ме?» деп мақсатын айқындап алғаны дұрыс. Егер діни білім мақсатын айқындап алғаны дұрыс. Егер діни білім алғысы келсе, мешіттің сау ашу курсына тегін қатыса алады. Ұстаздар әртүрлі пәндер бойынша дәріс өткізіп, аят, хадистердің мағынасын түсіндіріп, Құран оқуға үйретеді. Ал болашақта сол салада қызмет етемін десе, арнайы оқу орнында білім алуы қажет. Елімізде 9 медресе, 1 университет бар. Медреселердің бірақтарына 9

сыныптан кейін емтихан арқылы, Нұр-Мұбарак университетіне 11 сыныптан кейін ҰБТ нәтижесі арқылы түсе алады. Талапкерлер арасында конкурс өтіп, үздік нәтиже көрсеткендер оқуға қабылданады.

**– Университетте қандай мамандықтар оқытылады?**

– Ол жерде «дінтану», «исламтану» және «араб-ағылшын тіліндегі аударма» мамандықтарының бірін таңдай алады. Жуырда теология мамандығы ашылды. Мамандықтар бойынша грант қарастырылған, студенттер шәкіртақы иеленеді. Айталық, өткен жылы исламтану мамандығына 900-ге жуық талапкер тапсырып, 150-ге тарта адам грант иегері атанды. Бірнеше жыл діни білім алып, кейін басқа салада еңбек етіп жүргендер бар. Сондықтан әуел бастан «болашағымды осы саламен байланыстырамын ба?» деп терең ойланып, шешім қабылдаған жөн.

**– Дін қызметкерлерінің еңбекақы мәселесі шешілген бе?**

– Діни басқарма мешіттің діни қызметкерлерінің айлық мәселесін жолға қойған. Қазір ауылдық жердегі имамдар да тұрақты айлық алады. Мешіт айлығынан бөлек, мүфтият жобалар аясында, қорлар арқылы дін өкілдерінің еңбекақы мәселесін реттеді. «Жас маман, ауылға қадам бас маман» атты жоба да өзекті мәселенің шешілуіне ықпал етуде. Дін саласындағы мамандар қазіргі еңбекақысымен отбасын асырай алады, жағдай жылдан жылға жақсаруда деп айта аламыз.

**– Бүгінде «ел болам десең, YouTube-ыңды түзе» дегенді жағдайдамыз. Жуырда Аралдағы мешітке студия ашылды. Жастарға арналған контент көбейетін секілді. Бұл қызметке келгені қай бағытқа басымдық берудесің?**

– Біздің мақсатымыз – халықты жат ағымнан, зиянды әдеттерден сақтандыру, жастарды дұрыс жолға бағыттау. Жастар арасында лудомания, яғни құмар ойынға қызығушылар көбейді.

Бас мүфти былтырғы жылды «Ислам және ізгі қоғам» жылы деп жариялады. Ізгі қоғам ізгі ниетті, адал еңбек етіп, қоғамға пайдасын тигізуді ойлайтын адамдардан тұрады. Қазір әлеуметтік желіде танымал адамдардың сөзіне ел сенімінен қарайды. Сондықтан әлеуметтік желі арқылы имамдардың халық арасындағы танымалдығын арттыруды мақсат еттік. Дінді дұрыс насихаттау мақсатындағы жұмысымызға бұл серпін береді деген сенімдеміз. Уағызды тек мешітке келушілер емес, әлеуметтік желіні пайдаланатын көпшілік те тыңдасын деген ниетіміз бар. Аралдағы мешітке облыстағы екінші студия ашылды. 2021 жылы «Ақмешіт-Сырдария» мешітінде «Таным медиа» атты алғашқы студия қолданысқа берілген болатын. Қазіргі уақытта студияға ребрендинг жасап,



форматын, дизайн, техникалық құрал-жабдықтарын жанартудамыз.

Бас мүфти 2024 жылға арналған бағдарламалық баяндамасында екі нәрсеге қатты көңіл бөлді. Бірі – отбасы, екіншісі жастар мәселесі. Мешіт жанынан жастар кеңесін құрып, әр саладағы белсенді жастармен бірге қоғамдағы түйткілді мәселелерді бірлесіп талқылап, шешуді ұсынды. Қазіргі кезде «Мүсірәлі ата» мешітінің бас имамы Айтбай Жексенұлы жетекшілік ететін жастар секторы жұмыс істеуде. Қаңтар айында облыстық «Жастар ресурстық орталығы», «Аманат партиясының» «Жастар рухы» ұйымымымен бірлесіп студенттермен кездестік. Енді «Болашақ» университетінің білім алушыларымен кездесіп, жат ағымнан сақтану жолдарын талқылайтын боламыз.

**– Жастардың басқа ағымда екенін қалай білуге болады? Бұрынғыдай сырт кейпінен ерекшелік байқалмайды...**

– Анықтаудың ең оң жолы сол адамның өзін мешітке ертіп келу керек. Имам, дін қызметкерлері бір-екі сұрақ қойып-ақ, студенттің ұстанымын, көзқарасын байқады. Жат ағымдағылар көбіне құран бағыштау, жеті күлше тарату, дастарханда бата беру сынды дәстүрге қарсы шығады. Мешітке айтылатын уағыздарға да қарсы пікір айтуы мүмкін.

**– Жат ағым өкілдерінен қалай сақтануға болады?**

– Мұны мешітке келушілерге түсіндіріп, алдын алуға тырысамыз. Дегенмен мешітке жанадан келген адамдар, өзін бөтен сезініп, білмегенін имманан тікелей сұрауға қысылады. Сосын жанында отырған өзіңдей адамнан сұрай салады. Бірақ ол жат ағым өкілі болуы мүмкін. Мұндайда олар өз ұстанымымен түсіндіріп, «дастарханға кел, ұстаздың уағзын тыңдаймыз» деп қатарларына қосады. Жат ағымға жастар көбіне осылай тап болады. Сондықтан жастар білмегенін мешітке келіп, тікелей имамнан сұраса дейміз.

**– Қазір медиа, спорт, бизнес саласында дінге бетбұрыс күшейді. Медиақұрылым басым көпшілігінің бұл өзгерісіне не ықпал етуі мүмкін? Арнайы жасалған бағдарлама ма?**

– Бұл қалыпты құбылыс. Тек танымал адамдар ғана емес, қазір халық арасында да намаз оқып, ормал тағатындар көбейді. Ел назарында болғасын медиатұлғалар бірден көзге түседі. Мұндай жандар рухани кемелдікке ұмтылып, ой тоқтатып, дінді берік ұстануға көшкен болар. Дегенмен жат ағымдағылар танымал бір адамды қатарына қосуды мақсат етуі де мүмкін. Себебі «ол адам бізбен бірге болса, сонынан 100 адам еріп келеді» деген нәтиже күтеді. Сондықтан танымал адамдарды мешітке емес, халал кафеге шақырып, ресми тіркелмеген дін өкілдері уағыз, насихат жүргізуі мүмкін. Негізі бұл әрекет заңсыз. Егер ресми тіркелмеген дін өкілі адамдарға уағыз айта, насихат жүргізсе, айыппұл салынады. Діни уағыз айтуға діни басқарма тіркелген, соған қарасты мекеменің қызметкерлері ғана құқылы және ол мешіт, медресе секілді арнайы орындарда жүзеге асады.

**– Демек, танымалын адам дін туралы сөйлесе, күмәнмен қарау керек дейсіз ғой...**

– Үйде ауырып қалсаңыз, «укол салуды өзім үйреніп алдым» деген адамға укол салдырмайсыз ғой. Мейірбикеден «Қай емханада жұмыс істейсің, қайда оқыдың?» деп сұрап аласыз. Дін туралы сұрақ қоярда сол адамнан «Қай мешітке жұмыс атқарсыз, қай жерде білім алдыңыз?» деп анықтап алу керек. Тіпті, әлеуметтік желімізге хат жазып, мешіттің Call орталығына хабарласуға болады.

**– Мұсылман күнтізбесі бойынша 11 ақпанда Шағбан, 11 наурызда Рамазан айы кіреді. Рамазанға қалай дайындалған дұрыс?**

– Шағбан айы ораза айы деп те атаймыз. Бұл айда Пайғамбарымыз (с.ғ.с) көбірек ораза ұстайтын болған. Сондықтан барша мұсылман Рамазанмен келе жатқанын сезініп, қарсы алуға рухани тұрғыда дайындалып, иммунитетін де жақсартуы керек. Қаза оразаларын толықтырып, аптасына бір рет болса да ораза ұстап, ағзаны шығына дайындау керек. Рамазан – Алланың рақымы жауатын, берекелі ай екені рас. Дегенмен дайындық та аса маңызды.

**– Уақыт бөлгеніңізге рақмет!**

Әңгімелескен  
Айдана ЖҰМАДИНОВА



**Соңғы 5 жылда 40 мыңнан астам әке бала күтіміне байланысты демалысқа шыққан. Олар да аналар секілді жәрдемақы алып, үйде болу мүмкіндігін пайдаланған екен. Ендікі мұндай қадам қоғам тарапынан сынға ұшыраса, кейін декретке шығатын ердің қатары көбейді. Бұған не себеп? Тақырыптың тұрмыстық тұсына бойлай алады ба? Міне, осы сауалдар мәселенің мәнін ұғауға сеп болардай.**

**Ашығын айтайық, мәселенің моральдық қатпарын қопарудан аулақпыз. Қазіргі қазақ қоғамы «Әкеңіз декретке шыққаны дұрыс па, бұрыс па?» деген арзан тартыстан әрі асты деген үміт бар. Сондықтан мақаладағы басымдық сүйде отырған» әкелер тенденциясының экономикаға әсері, әлеуметтік-тұрмыстық өзгеріске ықпалы секілді бағытқа берілемек.**

### Үйде отырған әке

Әрине аның заңды демалысын ешкім меншіктей алмайсыз. Ер адам бала дүниеге келгеннен кейін оның күтіміне байланысты ғана демалыс ала алады. Әлеуметтік төлем, жұмыстан уақытша демалыс алу да осы құқық аясында жүзеге асады. Бала босануына байланысты тағайындалатын бір реттік жәрдемақы тек баланың анасына беріледі, кейінгі бір жасқа дейінгі төлемді декреттік демалысқа шықса ғана ер адам алуына мүмкіндік бар. Бұл уақыт аралығында оған жалақы төленбегенмен, жұмыстан шығарылмайды. Тіпті кез келген уақытта қызметіне оралуына болады.

Алайда құқықтық жолы жеңіл емес. Жауапкершілік пен талап бар. Қалаған ер декретке шығады дегенге келмес. Мәселен, жалғыз басты ер адам марқұм туыстарының баласын асырап алса, ажырасудан кейін бала әкесінде қалса, еркек бұл мүмкіндікті пайдаланады. Сондай-ақ баланың анасы дүние салып, бала 3 жасқа толмаса әрі анасы

ата-аналық құқықтан айырылса, ерлер декреттік демалыс рәсімдеуі мүмкін. Мұның барлығы ҚР Еңбек кодексінің 195 бабында нақты көрсетілген.

Әкеңіз декретке шығу жолы белгілі. Ал «Мұндай қадамға қандай себеп итермелеуі мүмкін?» деген сауал туындары белгілі. Бұл орайда әлеуметтанушылар түрлі пікір айтуда. Мұны тұрмыстық ахуал ықпалы деп санайтындар да, заман талабы ретінде қарайтындар да жетерлік. Не де болса, декретке шығу ерлер үшін табыс көзіне айналғаны жасырын емес.

– Тұрмыста қаржылық мүмкіндік шешуші рөл ойнайды. Мысалы, отбасында әйел адамның айлық табысы еріне қарағанда көп болса, ер адам бала күтіміне байланысты демалысқа шығуы мүмкін. Яғни әйел тұрақты мол табыстан қағылғысы келмей, күйеуін декретке шығарады. Екеу-ара келісе отырып, бала күтімін ері алып, әйел қызметін жалғастырса, үйдегі табыс баланы бұзылмайды. Әрине мұндай отбасылардың әрекеті ұлттық менталитет тұрғысынан сынға

ұшырауы ықтимал, алайда қаржылық қыспақ көріп, болашақты ойлаған ерлі-зайыптылар бар мүмкіндіктен айырылмайтыны анық, – дейді әлеуметтанушы Шаттық Тайбекқызы.

### 196 мың: Жәрдемақы жол ашып тұр

Расында, маман сөзінде жан бар. Үйде отыруға асығатын әкелердің басым бөлігі әлеуметтік көмектен дәмелі. Себебі, мемлекет беретін жәрдемақын көлемі жыл сайын артып, 1,5

жылға дейін тұрақты табыс көзіне айналған. Оған биылғы әлеуметтік төлем мөлшері тағы ұлғайғанын қоссаңыз. Сондықтан әкелер «үйде жатып» ақша алуға кетері емес

– 2024 жылы бала күтіміне байланысты жәрдемақы жұмыс істемейтін әйелдер мен ерлерге тағайындалады. Бірінші балаға – 21 266 теңге, екінші балаға – 25 143 теңге, үшінші балаға – 28 982 теңге, төртінші және одан кейінгі балаларға 32 859 теңгеден төленеді. Декретке дейін жұмыс істеген азаматтардың бала күтіміне байланысты алатын ай сайынғы әлеуметтік төлемі бөлек есептеледі. Оның мөлшері бала өмірге келгенге дейін соңғы екі жылдағы орташа айлық табыстың 40 процентін құрайды, – делінген Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми мәлімдемесінде.

Үкіметтен жәрдемақы алудың жолы мұнымен шектелмейді. Табысынан айырылған азаматтарға берілетін жәрдемақы да «үйде отыруға» итермелеуде. Министрлік берген мәліметке сенсек, өткен жылдың 9 айында 2 мыңға жуық ерге аталған әлеуметтік көмек берілген. Олар 22 мыңнан 196 мың теңгеге дейін қаржылай көмек алған.

### Офицер де декретте

Басқа-басқа, әскери қызметкерлер арасында бала күтімін себеп қылып үйде отырған ерлер барын білесіз

бе? Әрине қызметтік символикаға салсақ, сену қиын-ақ. Десе де мұндай құқық бұрыннан бар әрі офицерлер мүмкіндікті қапы жібермей келеді. 2014 жылы ер офицерлердің декретке шығуына рұқсат беретін заң қабылданғанда жатсынғанымен, кейін аталған қадамды сәтті пайдаланғандар қатары көбейді. Қазірдің өзінде қарулы күштегі 600-ге жуық ер офицер декретте отыр. Өзі үйде, қызметі де тоқтамайды, шені өсуде.

Олардың бәрі бірдей балаға қарап отыр дегенге келмес. Көбі қосымша жұмысқа кірген. Мемлекеттен алатын жәрдемақысы, «таксилетіп» тапқаны тағы бар. Әйтеуір «батпан құйрыққа» кезіккен.

Алайда мамандар мұндай іс әскери болмыс пен қызметтік этикаға жат екенін айтып, аталған заңның күшін жоюды сұрауда.

Солардың қатарында әлеуметтанушы Рамазан Саттарұлы да бар. Ол «Егемен Қазақстан» газетіне бірінші пікірінде офицерлердің декретке шығуын әскери беделге нұқсан келтіру деп бағалаған.

– Бұған жол бермеу үшін занды норманы алып тастау керек. Басқа амалын көріп тұрған жоқпын. Екіншіден, жалпы армияның беделі әскерлердің отаншылдық рухына байланысты. Егер офицер, сержант немесе келісімшарт бойынша қызмет істейтіндер әскери саланы жән-тәнімнен беріліп атқаруға келсе, мұндай мәселе болмас еді. Әскер ол үшін тек экономикалық тұрғыдан әл-ауқатын жақсартудың ғана көзі болса, онда әскери адам жағдайын жақсартудың бар амалын пайдаланады. Туысының үйіне тұрып та пәтерге алуы мүмкін. Отан үшін деген әскерилер мұндай пайдәкүнемдікке бара қоймайды. Себебі олар өз баста ел мен жерді қорғауды мақсат тұтқан адал азаматтар деп білемін, – дейді маман.


Аталған тақырыпты Мәжілістің Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрайымы

Айгүл Құспан да бірнеше рет көтерген болатын. Ол әскери қызметтегі ер адамдардың бала күтіміне байланысты демалысқа шығуын ұястыздыққа балаған еді. Ол да ер офицерлерді бала күтімі бойынша демалысқа жіберуге рұқсат беретін шешімнің күшін жоюға ынталы.

– Қорғаныс министрлігі қазір шырылдап жүр. Мүмкін бұл норманы қайта қарайтын шығар. Бірақ бұл шешім – біздікі емес, халықаралық норма. Халықаралық еңбек ұйымы деген ұйым бар, Женевалда отырады. Солар «Ер адам мен әйелдің құқығы бірдей. Баламен отыруға екеуінің де құқығы бар. Әскери адам болсын, жай азамат болсын» дейді. Қазақ қоғамында бұл кішкене ерсі, – деді депутат.

**P.S.** Ио ерлердің декреттік демалысқа шығуы әлемде кен қолданыста. Ұлыбритания, Қытай, Финляндия, Австрия, Франция сынды мемлекеттерде әкелерге ақылы демалыс бар. Тіпті жалақысына үстемекі беріп, үйде отыруды міндеттейтін ел де баршылық. Мұның барлығы халықаралық құқық қорғау ұйымдарының талабынан туған әдіс екені белгілі. Сондықтан Қазақстан да ерлерге бала күтіміне байланысты демалысты қамтамасыз етуге міндетті.

Берен ШАҒЫРОВ



**Жас ғалымдар отандық ғылымның дамуына сүбелі үлес қосуда. Алыс-жақын шетелдердегі ғылыми орталықта тәжірибе жинақтаған жастар жаңа зерттеу жұмыстарымен, халықаралық рейтингтегі көрсеткіштерімен қуантуда. Ал оларға қандай қолдау бар?**



## Жас ғалымдарға ҚОЛДАУ КҮШЕЙДІ

2022 жылы елімізде ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің құрылуы бұл саланың дамуына, ғалымдардың нәтижелі еңбек етуіне серпін берді. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры Майнұр Бөрібаева ғылымда жүрген жастарға мүмкіндік көп дейді.

– Министрлік тарапынан жыл сайын жас ғалымдарға арналған гранттық қаржыландыру жобасы аясында конкурстар өтеді. Бұл конкурстар жылына 3 рет ұйымдастырылады. Мұнан кейін постдокторанттарға арналған «1000 жас ғалым» жобасы аясында гранттық қаржыландыру арқылы министрліктің ғылым комитеті тарапынан ғалымдарға қаржы бөлінбек. Докторантура бітірсе де диссертация қорғай алмай жүрген ғалымдар үшін постдокторантураға

жолдама деуге болады. Сондай-ақ министрлік пен «Отбасы банк» АҚ алғаш рет жас ғалымдарға қолжетімді кредит берудің бірлескен бағдарламасын іске қосты. Бағдарлама 2023 жылдың желтоқсанынан бастап күшіне еніп, елімізде жас ғалымдардың бірқатары пәтер алды, – деді Майнұр Әбілтайқызы.

Бұл пилоттық жоба Мемлекет басшысының 2023 жылғы сәуірде Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің отырысында берілген тапсырмасын орындау шеңберінде іске асып жатыр. Университет проректоры министрлік тарапынан талантты жас ғалымдарға арналған Д.Қонаев атындағы сыйақы барын да атап өтті.

Жас ғалымдарды қуантқан тағы бір жоба бар. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында ғылым саласын дамыту бойынша нақты тапсырмалар берген болатын.

– Үкіметке жыл сайын әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында 500 ғалымның тағылымдамадан өтуін қамтамасыз етуді, сондай-ақ «Жас ғалым» жобасы аясында зерттеу жүргізу үшін 1000 грант бөлуді тапсырамын, – деген болатын Президент.

Бүгінде «500 ғалым» бағдарламасы ғалымдардың әлемдегі беделді ғылыми орталықтарда тағылымдамадан өтіп,

шетелдік зерттеушілермен ынтымақтастық байланыс орнатуына мүмкіндік берді.

Жас ғалымдарды қолдау жұмыстары жоғары оқу орындарында да жүзеге асуда. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуге арналған ректор гранты конкурсы 3 жылдан бері ұйымдастырылып келеді. Былтыр үздік деп танылған 8 жобаның авторына 1 млн 250 мың теңгеден грант сертификаты табысталды. Жас ғалымдарға арналған ішкі грант 2021 жылы – 4, 2022 жылы 6 жас ғалымға берілді. Конкурста қатысушылардың саны жылдан жылға артып келе жатқан соң келесі жылдан бастап грант қаржысы 20 миллионға дейін көбеймек.

Қызылордалық ғалымдар күршіттің қауызынан биочар, целлюлоза алу технологиясын әзірлеп, Нова Лиссабон университетінің (Португалия) ғалымдарымен бірге Альгеймер және Паркинсон ауруларының алдын алу үшін дәрі-дәрмек дайындауда. Бұл ғылыми зерттеу жұмыстарының жүруіне жас зерттеушілердің қосқан үлесі зор.

Жас ғалымдарға бөлек грант тағайындау, жеңілдетілген шарттармен пәтер алуға мүмкіндік берілуі – ғылымға серпін ала келетін жастарды қолдау деген сөз. Демек, отандық ғылымның көкжиегі әлі де кеңейе түспек.

## ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ ҒАЛЫМДАРДЫҢ

11 ақпан – ғылым саласындағы әйелдер мен қыздар күні. Бұл күн 2016 жылдан бері БҰҰ-ның шешімімен «International Day of Women and Girls in Science» деп белгіленіп, аталып өтуде. Атаулы күннің басты мақсаты ғылым саласындағы ерлер мен әйелдердің теңдігін сақтау, ғылыммен айналысатын әйелдердің санын арттыру. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ғалымдары ғылыми зерттеулер нәтижесінде ел экономикасының дамуына үлес қосуда. Атаулы күн қарсаңында назарларыңызға қызылордалық әйел ғалымдардың ғылыми жаңалығын ұсынамыз.

## ҒЫЛЫМИ ЖАҢАЛЫҒЫ

### Дәнді дақылдың жаңа сорттарын шығарды

Ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Аграрлық технологиялар» кафедрасының профессоры Тохетова Лаура Әнуарқызы дәнді дақылдардың жаңа сорттарын шығаруда.

Ол өзге де ғалымдармен бірлесіп көп жылдар бойы жүргізілген ғылыми зерттеулер нәтижесінде «Сыр Аруы», «Қымбат», «Сымбат», «Құралай», «Елік», «Инкар», «Шахристан», «Қайсар», «Алтын арай» атты жаздық арпа сорттарын, бидайдың «Зарина» сортын классикалық селекция әдістерімен шығарды.

Оның басшылығымен алғаш рет Қызылорда облысында дәнді дақылдар (арпа, бидай, сұлы) бойынша толық ауқымды селекциялық процес ұйымдастырылды. Сонымен қатар өсімдік шаруашылығы саласын әртараптандырудың ғылыми-практикалық негізі әзірленді.

Ғалымның жетекшілігімен арпаның, бидайдың және сұлының стрессік факторларға төзімді 750 сорт үлгілерден тұратын генетикалық коллекциясы қалыптасып,



практикалық селекцияда ген көзі ретінде кеңінен пайдалануда.

### Қаймақ әзірлеудің жаңа әдісін тапты

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған профессоры, техника ғылымдарының кандидаты Смаилова Жұлдыз Жолдасқызы сүт өнімдерінің биологиялық, тағамдық құндылығын арттыру, шикізат ассортиментін кеңейту, сүт шикізатын үнемдеу әдістерін зерттеуде.

Ғалымның «Пробиотикалық ашытқыны қолдана отырып қаймақ алу әдісі» атты моделі ҚР Әділет Министрлігі Зияткерлік меншік құқығы Комитетінің Ұлттық зияткерлік меншік институтында тіркеліп, патент алды.

Педагог экологиялық таза азық-түлік өнімдерін әзірлеу және әртүрлі аурудың алдын алу, ағзаның қорғаныш функцияларын нығайту үшін емдік-профилактикалық мақсаттағы өнімдер технологиясын әзір-



леуге бағытталатын жұмыстармен айналысуда. Айта кетейік, ғалым жуырда тағы бір зерттеу жұмысына патент алды.

### Ұлттық нақыштағы киімдердің жаңа үлгісін жасады

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Дизайн және технология» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, техника ғылымдарының кандидаты Шілдебасева Ләззат Қадырбекқызы дәстүрлі казак костюмі негізінде заманауи киімдерді жобалау әдістемесін әзірлеуде.

Ләззат Қадырбекқызы «Қазақтың ұлттық костюм негізінде қазіргі заман киімдері. Modern clothes manufacturing based on kazakh national dress. Современная одежда на основе казахского традиционного костюма» Оқу құралы. Учебное пособие. Train aid» еңбегіне ҰЗМИ-нан №25306 авторлық куәлік алды.

2022 жылы Ләззат Шілдебасеваның жетекшілігімен мемлекеттік Ұлттық ғылыми-техникалық сараптама орталығында ғылыми-



техникалық қызмет нәтижелері бойынша «Қайта өңделген жүнді пайдалану арқылы брендтік өнімдер өндірісін ұйымдастыру» жобасы тіркелді. Бүгінде «Қазақтың ұлттық киіміндегі ойма қалтаны өңдеу әдісі» атты өнертабысы бойынша Еуразиялық патенттік ведомствоға берілген өтінші формалдық сараптаманың оң шешімін иеленді.

Ғалым – 16 патент және 17 авторлық куәліктің авторы.

### Күріш сабанынан целлюлоза алу тәсілін ұсынды

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Физика-химиялық талдау әдістері» инженерлік бейіндегі зертхананың ғылыми қызметкері, педагогика ғылымдарының магистрі Ниязова Динара Жұмабекқызы ғалымдармен бірге отырып, күріш сабанынан целлюлоза алу тәсілін ұсынды.

Күріш сабанынан алынған целлюлоза қағаз бұйымдарын өндіруге қолданылуы мүмкін.

Мақсатты өнім – целлюлозаның




шығымы 42,7-70,3 мас.% құрады. Десиликация мен делигнификация үрдісі аса жоғары жиілікті сәулелендірудің 180 Вт қуатында 15 мин бойы аммоний молибдаты қатысында (кремнийсізденген целлюлозалық массадан 5%) натрий гипохлоритін қоспай жүргізгенде оңтайлы болып табылды, осындай жолмен алынған өнімнің құрамындағы альфа-целлюлозаның мөлшері 74,45 мас.% құрады, бұл өнім №2А маркасына сәйкес келеді.

### Күл үйіндісінен құрылыс материалдарын даярлады

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Сәулет және құрылыс өндірісі» кафедрасының аға оқытушысы Жақыпова Гүлнұр

Мұхамеджанқызы «Жергілікті шикізат ресурстары негізінде майда түйіршікті бетоннан төсеніш тактайшаларын өндіру технологиясы» бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді.

Технологияны өңдеу мен енгізу мәселесіне жылу энергетикасының



көп тонналы қалдықтарын пайдалану ресурстары үнемдеуге негіз. Осылайша, жылу электр орталығының күлін пайдалану құрылыс техникалық қасиеттерінің жақсаруымен құрылыс материалының жаңа тиімді түрін өндіруге, капиталды және ағымдағы шығындарды, күл үйінділердің құрамын бірден төмендетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұйымның өзіндік құнын айтарлықтай арзандатады.

Осы мәселелерді шешу мақсатында «Жергілікті шикізат ресурстары негізінде майда түйіршікті бетоннан төсеніш тактайшаларын өндіру технологиясы» тақырыбы негізінде зерттеу жұмыстарын жасау барысында 3 өнертабыс патентін алды. Атап айтсақ, жол төсеніш тактайшасына арналған құрам №4847, бетон құрамы № 5435 мен бетон араласпасының құрамы №5304.

Барлық өнертабыс патенттері жаңа құрамда жасалған.

Күл үйінділерін құрылыс материалдары өндірісінде қолдану арқылы біріншіден, аймақтың экологиялық жағдайы жақсарады, екіншіден, көп тонналы қалдықтарды утилизациялау мәселесі шешіледі.



# Әріп әлемі

«...Тамырдан тамшылаған жырдың сөлі –  
Туыспыз біз екеуміз – білдім соны!» –  
дейді С.Нұржан Тыныштықбек ақынға арнаған  
өлеңінде.

Иә Әріп ағамен туыспыз. Қазіргі рушыл туыстыққа төте туыс емес. Бізді туыс етіп тұрған – дүр Светали ағам айтқан тамырымыздағы жырдың сөлі!

Әріп Битілеудің көптен білемін. Жанасар жүрмегеніммен ағаның арда жолына, абзал болмысына зер салдым. Оны ел мемлекет қайраткері, саяси тұлға, шенді-шенеунік ретінде таныса, алғаш көргенде «әдебиетші ме?» деп қалыппын. Құдды бір әдебиеттен өзгеге басы қатпаған жандай. Бірде Баянбай Сыздықов есімді аймағымызға белгілі ағамыз 80 жылдық мерейтойы алдындағы алқасын жасады. Ағамен алғаш диалогіміздің реті сонда келген. Әрқайсысы бір-бір аңызға арқау болатын ғұмырнама иелерінің ішінен асқан мәдениеті, сабырымен дараланып-ақ отырды. Кейін оған сөз тигенде тіпті таянғандық. Қазақтың Қадір, Тұманбай, Мұхтар секілді классик ақындарының ағалар жайлы жыры-

нан үзінділерді үзбей төгіп, құттықтауын сұрыптаулы сөзімен түйіндегенде орнымнан ытқып тұрып, құрмет білдіргім келді. Көзге түсіп қалудан ықтым ба, әйтеуір, сол күйімді жиын біткенше жұттым. Төгілтіп жырлайтын жыраулардай саңлақ көрінген сөзуар адамды саяси ортадан көрмегелі қашан?!

Ас қайырылды. Арнайы тігілген ақшаңқан үйден ерте шығып, таңқала алатынымды есіме түсірген кісінің есіктің жақтауынан көрінуін күтіп тұрмын. Құттықтау сөзінен кейінгі әсерімнен болса керек, сөйлемей тұрған кезінен басқаша адам болып көрініп, сыртқа беттеді. «Аға!» деп назарын бұрып, ілттипатымды білдірдім. Өзі үшін әдеттегі жайт шығар, таңданысыма «елп» ете қалған жоқ. «Аман жүр, айналайын!» деп, байланыс нөмірін ұсынды. Кейін кездесулер, сөзін тыңдайтын сәттер көбейді. Қалпына қаныға түстім. Әр кезде әдеби шығармадан айшықты ойлар келтіре сөйлеп, құмартып қояды. Содан ба, ағалық парасатты сағынғанда іздеп баратын болдым. Сыңар мезет жұмыс орнына себепсіз жол түсіріп, әңгімелесіп қайтқаным бар. Кабинетінде әр жылдардағы әкімдермен, министрлермен түскен сурет, не өзінен өзгеге қажеті шамалы қисап қағаздар емес, сөрелерді сындырадай боп қаз-қатар тізілген классикалық туындылар мен тарихи кітаптар тұратын. «Е-е-е, мықтылығының сыры осында һәм кітапта екен ғой» деген ой түйіп қайтқанмын.

Кейін кадрлі ұстазымыз, көрнекті мемлек-

ет және қоғам қайраткері, академик Қылышбай Бисенов әлеуметтік желідегі паракшасында ағамыздың әкесі Битілеу Қожбанұлының кітабын оқығандағы ойын өзек еткен жазба қалдырды. Аңсарды аударған сол жазбадан кейін ақсақалдың кітабымен танысып, тектіліктің тамырын тапқандай болдым. «Әдебиет» деген сөздің түбірін «әдеп»-тен алатын болсақ, «бір болмыста сабақтасып тұрған әдеп пен әдебиеттің түп-төріні әкесінде екен ғой» деген байламға келдім.

Жиында ғана емес, жиналыстарда да ағаны тыңдаймыз. Тыңдамау мүмкін емес. Бүгінде өңірдің көкірегі көмбе ақсақалына айналған ол маңызды басқосуларда сүйейлерше сөйлегенде тамсанбайтын жан жоқ. Тынысына сай дыбысы, жүрісі менен тұрысы мемлекеттік қызметкерлердің жаңа толқынына ұлағат мектебі секілді. Манадан сөйлеу мәнеріне айрықша тоқталып отырмын ғой. Бізге, әлбетте, іс қымбат және онысы сөзімен де дараланып тұрса, нағыз тұлға – сол. Біз ештенесі өтпесе де, лауазымының не мөрінің шарапаты тимесе де, сондай азаматтарды ардақ тұтамыз. Әрине ол қатарда Әріп Қожбанов бар.

2022 жылдың жазында қаламгер досым Абай Тағыберген отау құрды. Төр қонақтарының қатарында Әріп аға бар екен. Елдің жақсысы мен жайсаңы бас қосқан тойда ел ағаларының арасынан сөз бастады. Әрине

төгілті. Әбіш ағаның «Қазақтың сөздері сондай бауырмал, бір-бірін құшақтағысы келіп тұрады» деген ойындағыдай әуезді, ырақты, мазмұнды бауырмал сөздерді теріп сөйлей келіп, Фариза апайдың, Ақұшпап Бактыгерееваның жақұт жырларымен ойын әрлеп, ұлттың баламасы жоқ аталы, баталы тәмісімен түйіндеді. Сонда отырған бір кісі «махаббаттың, отбасының, екі тағдырды ұштастырудың қадірін ұқтыратын, салмағын сезіндіретін мынадай сөздерді тыңдаған адам ешқашан ажыраспайтын шығар» деп еді. Міне, мойындау!

Желіде де ағаның қызына құрметі, досына сыры, немересіне махаббаты, бауырына сағынышы, ұлына аманаты байқалады. Көбі тәңті болып, пікір де қалдырған. Содан-ақ ағаның қадір-қасиетіне разы адам жалғыз мен емес екеніне көзім жетеді. Әдемі өмір!

Биыл 70 деп аталатын мерейлі жасқа қадам басыпты.

«Қаны туыстан, жаны туыс жақын, Туысканнан кем емес.

Руы туыстан, рухы туыс жақын, Ағайыннан кем емес!» дейді дара данышпан. Жаны мен рухы туыс ағам ұзақ өмір сүрсе деп тілек білдіремін.

Максат ДАУЫЛБАЙ

Басы 1-бетте

## КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯ:

### КЕМЕЛ КЕЛЕШЕК КІЛТІ

#### Жұмсақ күшпен «жаулау»

Шын мәніне терең үңіліп қарасақ, креативті индустрия жаңа ұғым болғанымен, мазмұны ғасырлар бойы қалыптасып келе жатыр. Ол экономикадан бастап әлеуметтік мәдени салаға дейінгі сегментті қамтиды. Кейде білім экономикасы деген балама сөз қолданылып жатады. Яғни бұл – адамның тікелей зияткерлік қызметімен байланысты бағыт. «Креативті экономика» термині алғаш рет Нью-Йорктің Businessweek журналында 2000 жылы қолданылған екен. Әлемді осындай мәдени-жұмсақ күш арқылы «жаулау», яғни әсер ету, өзіне қарату ғасырлардан бері жалғасып келе жатқан тенденция. Дегенмен интернет, әлеуметтік желі дамығаннан бастап бұл процесс өзгеше қарқынмен дамыды. Әсіресе пандемиядан кейін ерекше серпіліс байқалған екен. 2021 жылды БҰҰ Халықаралық креативті экономика жылы деп жариялағаны да содан болар деп топшылады. Goldman Sachs дейтін алпауыт банк бар. «Таяуда жүздеген мамандық қысқарады. Салдарынан 3 миллионға жуық жұмыс орны жойылуы мүмкін» деп болжам жазған еді. Демек, келе-келе адам еңбегін жасанды интеллект алмастыра бастайды. Қарқынға ілесу үшін қазірден бастап қимыл керек. Мұны Президент те бірнеше рет айтып еді.

Батыл қадамды біздің өңір бірінші болып бастады. Тұңғыш рет аймақта СеулТех жасанды интеллект және информатика жоғары мектебі ашылды. Бұл нейрожүйелермен еркін жұмыс істеуге ынталы жастарды қолдайтын орталыққа айналады. Біле білгенге, бұл үлкен жаңалық.

Байқағаным, аймағымызда жастар ІТ жобаларға батыл түрде қатысып келеді. Мәселен, Hackathon, InnoFest сынды ауқымды инновациялық жобалар аясында 7500-нан аса жас өз жобаларын жасап көрген. Үздіктері грант алды, таңдаулылары бизнесмендермен жеке жұмыс жасауға көшті, қалғандары идеяларын қайта дамытты. Өңірде Hackathon ІТ идеялар байқауы да өтті. Жаңа жобалардың бір бөлігі дәл осы жасанды интеллектке арналды.

Аймақта ІТ мамандар жиі бас қосып тұрады. Кездесулерде «Қызылордада құрылыс нысандары жиі салынады, сондықтан да ІТ архитектор маманын дайындауға тиіспіз» деген сынды ойлар айтылады. Қазірдің өзінде Максат Жұмабек есімді студент Қызылордада салынып жатқан жаңа заманауи стадионның макетін жасауға атсалысқан. Бұл бір ғана мысал, – деді журналист, медиалектор Абай Тағыберген.

Оның айтуынша ІТ мамандар Қызылорданың өз венчурлық қорын қалыптастыру керек екен. Жобалар бизнеспен бірігіп, цифрлық нәтиже табуға көшу қажет. Сол арқылы Сыр өлкенідегі креативті индустрия дами түспек.

#### Әлем әсері

Тарқатып айтар болсақ, креативті индустрия шығармашылық қызметтің әртүрлі саласы, ойын әзірлеу, бағдарламалық өнімдер, әдебиет, музыка, өнер, жарнама, сәулет, кинематография, анимация, дизайн және басқа шығармашылық қызметпен тікелей немесе жанама түрде байланысты басқа да салаларды қамтиды. БҰҰ мәліметі бойынша жарнама, сәулет, өнер және колөнер, дизайн, сән, кино, видео, фотография, музыка, орындаушылық өнер, баспа ісі, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар, бағдарламалық жасақтама, компьютерлік ойындар сияқты негізгі ресурстар ретінде шығармашылық пен зияткерлік капиталды қажет ететін салалар, электрондық басылымдар, теледидар және радио бұл индустрияның құрама бірліктері. Тізім әр елде әртүрлі болуы мүмкін, дегенмен бұлар ең негізгілері.

Ашық дереккөздерге сүйенсек, креативті индустрияның жалпы ішкі өнімдегі үлесі әрине әр елде әртүрлі: мәселен, Аустралида бұл үлес – 5,7 пайыз, Ұлыбританияда – 5,5 пайыз, АҚШ пен Қытайда – 4,2 пайыз, Италияда – 3,8 пайыз, Германияда – 3,1 пайыз. Түркия және Корея мысалын айтып өттік. Түрік сериалдарының



әлемге таралу қарқыны мен Түркияға саяхаттаушылардың өсуі арасында корреляция бары анық. Бізде түрік тілін үйреніп, сол жаққа оқуға кеткісі келіп жүрген жастар өте көп. Корея idoll-дары мен дорамаларына байланысты да осы жағдай. Бұл елдің жұмсақ күші тіпті тамақтану мен киім кию мәдениетіне де айтарлықтай ықпал етті. Немесе Димаш Құдайбергеге жанкүйер шетелдіктердің Қазақстанға саяхаттап келіп, қазақ тілін үйреніп жүргенінің өзі нақты мысал.

#### Саланы жандандыратын жол

Маңыздысы, еліміздегі шығармашылық индустрияға қолдау ауадай қажет екені даусыз. Шығармашылық индустрияның табысты болуы мемлекет жұмысына тікелей байланысты. Өйткені мемлекет білім деңгейі, экономикалық әртараптынды, инфрақұрылым және тағы да басқа саланың дамуына байланысты барлық негізгі факторларда маңызды рөл атқарады. Бұған дейін Үкімет Креативті экономиканы дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын, жауапты министрлік креативті индустрияға жататын экономикалық қызметтің 43 негізгі түрін бекіткені баршаға мәлім.

Ол тізімге зергерлік бұйымдар, ІТ және ойын жасау, мәдени мұра, телебағдарламалар, фото және дизайн, сәулет және сән, музыка, кино және анимация, сондай-ақ кейбір мәдени-демалыс мекемелері сияқты салалар енген. Критерийлер барынша жеңілдетіліп, халықаралық ұсыныстарға сәйкес келтірілген.

Айта кетейік, елімізде креативті экономиканы дамытудың 2030 жылға дейінгі іс-шаралар жоспары да бар. 2020 жылдың қорытындысы бойынша креативті индустрияның жалпы ішкі

өніміндегі үлесі 2,67 пайыз болыпты. 2025 жылға қарай бұл көрсеткішті 5 пайызға жеткізу де көзделіп отыр екен. Креативті экономиканы дамыту үшін «креативті индустрия» деген ұғым «Мәдениет туралы» заңға бекітілген. Үкіметтің мәлімдеуінше, қазір сарапшылар қауымдастығымен және индустрия өкілдерімен бірлесіп креативті индустрия мәселелері жөніндегі заңнаманы өзгерту тәсілдері талқыланып жатыр.

Заңнамада авторлық құқық пен зияткерлік меншікті қорғау, креативті индустрия қайраткерлерін қолдау шаралары мен преференциялар, орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың қосымша құзыреттерін қосуды көздейтін бірқатар новеллалар қарастырылған.

Білуімізше, креативті хабтардың тиімді жұмысын құру үшін ел өңірлерінде креативті индустрияны қолдау жөніндегі шаралар мен қолда бар инфрақұрылым туралы қажетті ақпарат жиналып жатыр. Дегенмен осы салада жүрген сарапшылардың сөзінше, бізге әлі нақты қолдау шаралары жетіспейді. Алайда олар аяқ алысымыз жаман емес деп баға беріп отыр.

Түйін. Білімді мен біліктіге де, дарынды мен жалындыларға да, олар ұсынған идеяларға да кенде емеспіз. Дегенмен қолдау дейміз бе, әлде басқа ма, әлдебір дүниені жетіспей тұрғаны белгілі. Нарық занына екіліп тірейік десек, сұраныс жоқ деу сылтау болар еді, ұсыныс жоқ десек, тағы келмейді. Саланы өкілдері бағдарлама қабылдау керектігін, басқа жанама қолдау қажет екенін тілге тиегі етті. Ең әуелі ішкі нарықты толыққанды қамтымай жатып, креативті индустрияны әлемге танытамыз деу утопия екені рас.

Айдар САЙЛАУОВ



– «Болашақ» және «Эразмус» бағдарламасы арқылы Лондонда, Италияда білім алдыңыз. Қос елдің білім беруіндегі айырмашылығы қандай? Жалпы бағдарламаның тиімділігі жөнінде сөз қосаңыз...

– Иә, Ұлыбританияда бакалавриатты математика және қаржы мамандығы бойынша оқыдым. Елге оралып, еңбек жолым

қатысып, сізден кеңес алғандардың саны қанша? Нәтиже қандай?

– Англия, Америка, Канада сынды шет мемлекетке оқуға түсуге жол көрсетемін. Негізі көп агенттік гранттармен жұмыс істемейді. Оқуға түсіру үшін қомақты қаражат сұрайды. Әлеуметтік желілерде контент жүргізіп, керекті кеңеспен бөлісемін. Арзан әңгімеге қарағанда білім контентін қалыптастыру ке-

Оның бәрі оқуға түсерде рөл ойнайды. Бұдан соң өмірбаян, ұсыныс және мотивациялық хаттарды кезек-кезеңімен жазу басталады. Университеттің қарауы 2 аптадан 8 аптаға дейін созылады. Орташа есеппен 1 айда шақырту келеді. Бо-

# «БОЛАШАҚ» БАҒДАРЛАМАСЫ БАЙ-БАҒЛАННЫҢ БАЛАСЫНА ҒАНА АРНАЛМАҒАН

халықаралық аудит компаниясынан басталды. Кейін есеп және аудит саласын меңгеру үшін Италияда магистратурада оқуға шешім қабылдадым. Екі бірдей ел белді университетімен танымал. Оксфорд, Кембридж жоғары оқу орындары сөзіме дәлел. Лондонда бағалау жүйесінің 20%-ын оқу, 80%-ын емтихан құрайды. Дайындық үшін кітапханаға барып, таласып оқитынбыз. Кітапты 3-4 күнге ғана береді, тіпті орын табылмай қалады. Емтиханда қай партада отыратынымызды нөмірмен белгілеп, студенттердің алшақ орналасуын қадағалайды. Су алып кіргеннің өзінде сыртындағы жазуын алғызып тастайды. Тексеріс мұқият жүргізіліп, 3-4 адам бақылайды. 2 сағат ішінде жауап беріп үлгеру керек, ондай да көшіруге де мүмкіндік жоқ. Егер нұсқаулық пайдаланғанды көрсесе, бірден оқудан шығарады. Тіпті есеп шығарғанда шешімін ғана жазбай, әр есептеу тәсілін көрсету керек. Әйтпесе төмен баға қойылады. Тесттен гөрі сұрақ-жауап көп. Ессе жазу, сұрақ қою арқылы талдау жүргізіледі. Меніңше, мұны біздегі білім жүйесіне де күшейту керек секілді. Өйткені мәселені зерттеп-талдамақ түгілі, өзі туралы жаза алмай, киналатындар бар. Италияда да білім беру процесі жақсы. Мұнда сән мен дизайн, архитектура жақсы дамыған. Әсіресе халқы ашық әрі көңілді.

рек. Бұл әр жасқа пайдалы деп ойлаймын. Мастеркласстарды тегін өткіземін. Онлайн және офлайн сабаққа кемінде 150 адам қатысады. Тіпті қайта өткізіуді сұрайтындар бар. Сондай топтың біріне қазір 250-ден аса қатысушы жазылып қойған. Сұраныс бар. Шетелде оқу бойынша ата-аналар мен балалар сұрақ қойып, байланысқа шығады. Венгрияға тапсыруға жыл сайын студент саны көбейіп отыр. Мәселен, өткен жылы 20, биыл 50 адам тапсырады. Тіпті мұғалімдер де келіп, қызығушылық білдіреді.

лашақ бағдарламасына тапсыру әлі ашылған жоқ. Сол себепті ерте қамданып, жан-жақты дайындықты күшейту керек. Техникалық мамандықтарға IELTS көрсеткіші 6 немесе 6.5, ал гуманитарлық мамандыққа 6.5-нан жоғары болу тиіс.

**Шетелде білім алу қолжетпейтін арман емес. Амалын тауып, ізденгенге жол ашық. Тіпті тағылымдамадан өтіп, тәжірибе жинағандар жетерлік. Мәселен бүгінгі кейіпкеріміз әлемнің 7 университетінде оқыған. Осы ретте «Болашақ» түлектері қауымдастығының Алматыдағы директоры, сарапшы Арайлым Болатқызымен тілдестік.**

– Шетел университеттерінің қайсысы көп грант бөледі? Сарапшы ретінде айтыңызшы, құжат тапсырмас бұрын оқуға түсерде нені ескеру керек?

– Венгрия 250, Қытай 155 грант бөледі. Италияға да көп орын бөлінеді. Көбі Польша мен Чехияда оқу бойынша сұрайды. Бірақ ол жақта поляк және чех тілінде оқу міндетті. Өйткені ағылшын тілінде оқу ақылы, 1 млн 200 мың және 1 млн 400 мың теңгені құрайды. Әркімнің таңдауына сай оқуға тапсыруға бағыт береміз.

Біріншіден сабақ үлгерімі жақсы болу керек. Бакалавриатта оқып, 2,5 GPA-мен келеді. Бұл төмен көрсеткіш. Ағылшын тіліне де 8 сыныптан, тіпті одан ерте дайындалған дұрыс. Сабақтан тыс шараларда белсенділік танытып, олимпиадаға қатысып диплом-сертификатты көбейту артық етпейді.

мамандыққа 6.5-нан жоғары болу тиіс.

– Елімізде техникалық мамандықтар бойынша кадр тапшылығы бары рас. Содан болар инженерия сынды бағытта грант та, квота да бөлінуде. Бұл салада оқуға жастардың құлшынысы қандай? Басым бөлігі қай мамандықты таңдайды?

– Көбі гуманитарлық мамандықты таңдайды. Бірақ бұл техникалық бағытта сұраныс аз дегенді білдірмейді. Қазір көп грант пен квота бөлініп жатыр. Алдағы уақытта техника мамандары көбеймесе азаймақ емес. Мен оқуға түскен жылы 100 бала оқысақ, соның 40-ы қазақ болды. Барлығы техникалық мамандыққа оқыды. Қазір олар Air Astana мен ҚазАвтоЖол сынды ірі мекемеде қызмет етіп жүр. Сондықтан кадр тапшылығын қалыпқа келтіруге болатын сияқты.

–Алғашында «Болашақ» бағдарламасымен



оқуға барып, Отанға оралмағандар жайында көп айтылатын. Бұған шетелдегі жақсы жалақы мен жайлы өмірден басқа не себеп болуы мүмкін. Ал қазіргі қарқын қандай? Түлектер елімізде тірлік етіп жүр ме?

– Елге қайтып келмейді деген стереотип ғана. Кейбірі ғана оралмауы мүмкін, соның өзінде ол мемлекетке тиесілі ақшаны қайтарады. Оқуға кетерде кепілге жылжымайтын мүлік қойылады. Бұдан бөлек ата-ананың артқан үмітін ақтауға тырыстық. Оқу үлгерімді төмен түсірмей, шет мемлекетте жүрсек те ел мәртебесін биік қойдық. Патриот болу арқылы Қазақстанның қандай ел екенін көрсетуге атсалыстық. Шетелде тұрақтап қалды десек те, бәрібір елге бүйрегі бұрып тұратыны анық. Өйткені әрқайсысы ел дамуына үлес қосуға әзір.

«Болашақ» бағдарламасымен бай-бағланнның баласы ғана оқуға түседі деген де қате түсінік. Ауылда, қарапайым отбасында дүниеге келдім. Ата-анам мектепте мұғалім. Талпынысым мен талабым жетістікке жетеледі. Сондықтан қасаң көзқарастан арылып, алға ұмтылған абзал.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен  
Замира ҚОНЫСЖАН



Көлік – адамзаттың ең үздік туындыларының бірі. Күнделікті өмірдің бөлігіне айналып кеткен темір тұлпардың маңызы орасан зор. Халық қоғамдық автобустың шаарапатын көрсе, кейбірі жеке көлік иесі. Қазір табыс көзіне айналған такси қызметін күнделікті мыңдаған адам қолданады. Себебі уақытты үнемдейді, кез келген тұтынушыға ыңғайлы. Бір қаладан екіншісіне бару үшін де пойызбен сағаттап қатынамайсың, ал әуе ұшағы үшін көп қаражатты құртпайсың. Елімізде бірнеше таксипаркі жұмыс істейді, сондай-ақ «Yandex Taxi», «Urban», «Indriver»-дің такси қызметіне жүгіншілер саны артты.

Шетелден келген қонақтарды дiттеген жеріне жеткізіп салу үшін қомақты ақша талап етіп, айласын асырып жүрген таксисттер

– Такси жүргізушілері 400 мың теңге табыс табады деу жалған ақпарат. Аі сайынғы табысымыз 200 мың теңге көлемінде болады. Себебі күнделікті 30 мың теңге тапсақ, оның 14 мың теңгесі көлікті жалға алуға кетеді. Мобильді жүйеге төлейтін комиссия, бензиннен өзге де шығындарды есептегенде таза табыс 10 мың теңгеге жетсе жақсы, – дейді Такси жүргізушілері кәсіподағының атқарушы директоры Нұркен Тәжібай.

Өкінішке қарай, ұлттық экономика министрлігі аяқ-асты автопарктерді субсидиялаудан бас тартатыны туралы күтпеген мәлімдеме жасады. Тиісінше, автопарктердегі

ойлап таппаймыз ғой, бұл техниканың жол ұзақтығына берген құны. Әр талқан табыс сайын «Yandex Taxi» үстемесін алып отырады. Біз де қарапайым халық секілді салық төлеп, нанымызды адальнан табуды көздейміз, – дейді такси жүргізушісі Берік Қанатұлы.

Аймақта «Yandex Taxi», «Жұлдыз такси», «Indriver», «Халық» және «Максим» таксопарктері жұмыс істейді. Арнайы мобильді қосымшалар іске қосылып, халық игілігіне қарап та тұр. «Yandex Taxi»-дің ұсынатын ең аз деген соммасы 210 теңгеден бастау алады және тегін күту 3 минут. Ал «Жұлдыз такси»-



## ТАКСИ ТӨЛЕМІНЕ «ТІЗГІН» КЕРЕК

туралы аз естімейміз. Мәселен, Алматы облысында болған зілзала кезінде такси құны 50 мың теңгеге дейін көтерілді. Бұл жағдай халықтың ашуына тиді. Сондай-ақ ауа райына да байланысты көлік қызметінің бағасы шарықтап, қала тұрғындарына қолайсыздық тудырады. Таңғы, түскі және кешкі уақыттағы бағалар да көңіл көншітпейді.

– Қалада көлік көбейген сайын таңғы уақытта баратын жерімізге кешіруге тура келеді. Тіпті алыс емес шақырымдағы жер үшін 600-700 теңгені көрсетіп тұратын такси қосымшалары ызаландырады. 1 курс студентімін. Таңертең кептелістің кесірінен сабағымға үлгермей қаламын. Осындай кезде такси қызметінің көмегіне жүгінсек, өте қымбат, – дейді студент Маржан Әуезхан.

көліктерді жалға беру бағасы жоғарылайды. Себебі бұл шешім кәсіподаққа зардабын тигізді. Бұл жүргізушілер арасында наразылық тудырды.

–Күнделікті табыс 10 мыңға жетер-жетпес, кейде 6-7 мыңнан аспайды. Оның 40%-ы жанармайға жұмсалады. Тұтынушының жайлылығы үшін көліктің тазалығына да мән береміз. Күнделікті тапқан ақша осындай ұсақ-түйекпен де жұмсалып кетеді. Артық ақша қалады деп айту қиын. Көлігің жаңа болса жақсы, ал ескінің көрген күні бесенеден белгілі. Таксидің бағасы қымбат деп бізді сөгіп жатқан халықты түсінбеймін. Қызылорда қаласында өзге қалаларға қарағанда баға арзан. Таңғы және кешкі уақытта такси құнының қымбаттауы көлік жетіспеушілігіне байланысты туындайтын жайсыздық. Оның үстіне мобильді қосымшадағы бағаны өзіміз

дің бағалары 300-400 теңгеден болса, ақысыз күту уақыты 10 минутқа дейін. Сондай-ақ тұрақты тұтынушыларға арналған бонустар қарастырылған. Алайда соңғы уақытта бағаның күрт шарықтауы қала тұрғындарына қолайсыздық тудырып тұр. 213 мыңнан астам адам такси қызметін атқарғанымен, оның барлығы дерлік кәсіпін заңдастырмаған.

Қазір «былай тартсам арба сынады, былай тартсам өзгін өледінің» кері келіп тұрған шақ. Әрине ақшаның құнсыз шағында бәрі еңбектеніп, наным тауып жүр. Бағаның өсіміне себеп көп. Жанармайдың қымбаттауы, салықтың құны, көліктің механикалық жағдайы қомақты қаражатты талап етеді. Не де болса түйткілдің де түйінгі тарқар. Ал нәтижені уақыттың еншісіне қалдырайық.

**Нұршат НЫШАНОВА**

Ертеректе ел арасында азық-түліктің жоғары бағасына қатысты наразылық туындаса, бүгінде таксидің бағасы едәуір шарықтап тұр. Қазақстан такси бағасының арзандығына қарай жасалған рейтингте 105 мемлекеттің арасында 13-ші орынға жайғасқан. 2022-2023 жылдар аралығында бағаның өсім деңгейі айтарлықтай жоғары. Ал өткен жылдың қызыл-желтоқсан айларында такси қызметін көрсететін компаниялардың кіріс көзі бар-жоғы 1 жылдың ішінде 17%-ға артып, 5,9 млрд теңгеден астам табыс тапқан. Ең жоғары такси бағасының көрсеткіші Алматы облысында – 30,3%-ға дейін қымбаттаған. Соңғы жылда елімізде 47 млн-нан астам адам такси қызметін тұтынды, алайда бұл өткен жылға қарағанда 2 есе төмен көрсеткіш. Таксидің құны соңғы жылда 9%-ға артып отыр. Бір жерден екінші жерге жету үшін кемінде 1500-2000 мың теңге қажет. Осы орайда туындайтын мәселе таксидің шарықтаған бағасы. Көлік қызметінің бағасы қажетті нормадан асып кетпеді ме? Сауалға жауап іздеп көрдік.

# ҰРПАҚТЫҢ БАҒДАРЫ – ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ



Адал ісіне ақы сұрамас еңбеккер жандардың болмыс-бітімі бүгінгі ұрпақтың бағыт алар бағдарына айналалы белгілі. Себебі туған жеріне, өскен өңіріне адал қызмет еткен жандар кашанда мақтан төрінде, марапат биігінде. Заман көшінде ілгері басып, саналы ұрпақ тәрбиелеуде өзіндік салмағы бар жандар Сыр өңірінде жетерлік. Қайрат Есіркев – саналы ғұмырында қажырлы еңбек етіп, көптің көңілінен шыға білген осындай өнегелі өмір иесі.

Әңгіме арқауына айналып отырған Қайрат ағай 1965 жылы Қазалы ауданы

Ақсуат ауылында дүниеге келген. 1983 жылы сондағы №100 орта мектебін бітіріп, Кеңес әскерінде екі жыл борышын өтейді. Тек 1987 жылы Алматы технология техникумына оқуға түсіп, сәтті тәмамдап шығады. Содан 1990 жылы туған ауылына оралып, еңбек жолын комсомол хатшысы болып бастайды.

Алғаш жұмысын бастағаннан-ақ біліктілігімен көзге түскен ол сатылап көтеріледі. Олай дейтіміз, Қайрат ағай 1992-2000 жылдары №100 орта мектебі жанындағы интернатта тәрбиеші болып жұмыс істейді. Үнемі ізденіс үстінде жүретін маман мұнымен шектелмей, Ақтөбедегі Қ.Жұбанов атындағы университеттің Бейнелеу өнері және Сызу мамандығын алып шығады. Содан 2002 жылы №100 орта мектепке бейнелеу өнері және сызу, технология пәнінің мұғалімі болып қызметке орналасады. Міне, бүгінде 20 жылдан аса уақыт табан аудармай өз ауылында, өз саласында еңбек етуде. Қазір білікті ұстаз көркем еңбек пәнін де қоса алып жүр.

– Оқушы кезімде мұғалім болам деп ойламадым. Бірақ халыққа қызмет етсем, адамзатқа керек мамандық иесі болсам деп армандайтынмын. Төңір тілеуімді беріп, өмір ағысы жолымды білім саласымен ұштастырды. Алайда оған еш өкінген емеспін, өкінбеймін

де. Мұғалімдікке ауылдағы ата-анама қарайласу үшін келгеніммен, кейін ұстаздық қызмет шабытымды аша түсті. Әр үйдің еркесін тәрбиелеп, оларға керек дағдыны үйретіп, үлкен өмірге жолдау өмірлік мақсатыма айналды. Содан болар, әлі күнге осы жауапты салада талмай еңбектеніп келемін, – дейді білікті ұстаз.

Жас буынға тәлім-тәрбие беріп, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, оған дұрыс бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Бала біткенді білім нәрімен сусындатқан ұстаз дикан секілді. Себебі ол әрдәмнің жанына білім дәнін себеді. Әр шәкіртін аялап өсіріп, өмір атты шексіз ғаламға қанатын қатайтып ұшырады. Осы аралықта Қайрат Есіркев мыңдаған оқушыларды тәрбиелеп шығарды. Бүгінде оның тәлім берген тұлғелері республикамыздың түпкір-түпкірінде әрбір саланың білікті маманы атанып отыр. Уақытында көптеген оқушыларды пәндік олимпиадаларға дайындап жеңімпаз атандырды. Ал біз бертіндегі нәтижелерді түгендейік деп шештік. Сөзіміз құрғақ болмас үшін нақты мысал келтіре кетейік. Мәселен, 2020 жылы облыстық қашықтықтан «Менің отбасым» сурет байқауында Айдын Қошлаш III орын, республикалық қашықтықтан өткізілген «Күз бояулары» сурет сайысында Айдос Қаламағбет I орын,

Тәуелсіздікке байланысты облыстық сурет байқауында Радомира Айтасқызы III орын иеленсе, 2021 жылы аудандық «Қазақстан – бейбіт пен бейбітшілік мекені» сурет байқауында Айзере Жалғасбек I орын алды. 2022 жылы «Қылқалам бейнелеген қазақлық» облыстық сурет байқауында Аяна Мауленқызы Алғыс хат иеленді. Бұл жетістіктің бір парасы ғана. Тізе берсек, Қайрат ағайдың үздіктер қатарынан көрінген оқушылары жетерлік.

Саналы ғұмырын білім беру ісіне арнаған жанның еңбегі еленді. 2019-2021 жылдары біршама Халықаралық, республикалық, облыстық және аудандық көркем еңбек пәнінен олимпиада, сайыс жүлдегері атанды. Атап айтсақ, 2019 жылы аудандық «Ұлы даланың қасиетті рухани құндылықтары» атты көрме байқауында Алғыс хат алса, 2020 жылы «Қазақстанның мәртебелі педагогы» атанып, мәртебелі педагог төсбелгісін кеудесіне тақты. Одан бері де бірнеше жыл қатарынан аудандық білім бөлімінің Алғыс хатымен марапатталды.



Айта кететін тағы бір жайт, ол ұстаздық қызметін шығармашылықпен ұштастырып, түрлі басылымдарға мақала жазды. Ұлағатты ұстаздың бүгінге дейін «Тағылым» республикалық ғылыми әдістемелік журналына «Портрет жанры, портрет түрлері» сабағы және тағы да басқа туындылары жарияланды. Сөйтіп білім саласына да өзіндік қолтаңбасын қалдырып, сүбелі үлес қосты.

Мыңдаған жанның жүрегіне білім нұрын құйған ұлағатты ұстаздың шыққан биігі, елге еткен еңбегі аз емес. Міне, осындай өнегелі тұлғаны ұлықтау, еңбек жолын ескелең ұрпаққа үлгі ету – ұрпақ міндеті.

**Альфира НҰРХОЖАЕВА,**  
№100 орта мектептің кітапханашысы,  
Қазалы ауданы, Ақсуат ауылы

**Қантар айының ортасында болған Алматы қаласындағы жер сілкінісінде тұрғындар қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтай алмады. Дәрілер қобдишасы көп адамда болмағаны жасырын емес. Сонымен қатар көп қабатты тұрғын үй баспалдағынан жаппай түсу секілді кәте қадамға барып жатқандарды көрдік. Айтып келмейтін апаттық жағдайда қалай әрекет ету керектігіне тоқтала кетсек. Біріншіден, кез келген адам сабыр сақтап, артық қимыл әрекетін жасамауы тиіс. Радио мен теледидардан жаңалықтарды қарап, соған сәйкес әрекет етіп, өзі мен жақындарын қауіпсіз жерге орналастыруы тиіс.**

## АПАТ АЙТЫП КЕЛМЕЙДІ

Дегенмен, жер сілкінісін дайындау және генерациялау процестері өте күрделі және кез келген болжам белгілі бір ықтималдықпен беріледі. Сондықтан күтпеген жер сілкінісі болуы мүмкін. Алайда апат пен адам шығынының алдын алу мақсатында ескерткен абзал. Сол ескертулерге, сенімді ақпарат көздеріне сәйкес әрекет ету маңызды. Жер сілкінісі туралы ерте ескерту – бұл бұрын болған оқиғадан қандай да бір жерде қандай сілкіністер күтілетіні туралы болжам. Жер сілкінісі кезінде сейсмикалық толқындар сұға тасталған тас сияқты оның ошағынан алшақтайды. Бұл толқындар жер сілкінісі туралы ерте ескерту жүйелерімен тіркеледі.

Жер сілкінісінің алғашқы белгілерінде үйдегі жарықты, суды және газды өшіру керек. Сонымен қатар лифтті қолдануға мүлдем болмайды. Егер қатты соққылар сезілсе болменің бұрышына, есікке, тосек немесе үстелдің астына жасырынып, құлап жатқан заттардан қорғану керек. Ауыр жиһаздар мен терезелерден аулақ болу маңызды. Мамандардың айтуы бойынша жер асты дүмпулері кезінде көшеде болған кезде ғимараттар мен электр желілерінен аулақ болу керек. Көлікте болған кезде жер асты дүмпулері тоқтағанша шықпаған дұрыс. Осындай қарапайым ережелерді жадымызда сақтап, өзіміз бен өзгеңіз тағдыры үшін қиын сәтте дұрыс шешім қабылдау керек.

**Нұрай АРЫСБЕКОВА,**  
Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің студенті

Үй жағдайында әзірленетін түрлі салаттар мерекелік және күнделікті өмірде дайындалатын дастарханның сәні. Алайда дұрыс дайындалмаған өнімді тұтыну ботулизм ауруына әкелуі мүмкін. Өйткені көбі өнімдерді дайындау, тасымалдау, сақтау және өңдеу барысында санитарлық ережелерді дұрыс сақтай бермейді. Сондықтан үй жағдайында консервіленіп дайындалған тағамдар зиян келтіретінін естен шығармаған жөн.

## БОТУЛИЗМ ТУРАЛЫ БІЛЕМІЗ БЕ?

Ботулизмнің қоздырғышы табиғатта кеңінен тараған анаэроб көп уақытқа дейін топырақта спора түрінде сақталады. Сонымен қатар спора топырақтан, ауылшаруашылық малдарының бөлінділерінен, тұщы балық өнімдерінен, әр түрлі азық-түліктердің құрамына түсіп, ауру тәуеліне айналады. Азық-түлікті консервілеу кезінде ботулизмнің бактериялары көбейіп, токсин бөледі. Бөлінген токсин аса қауіпті бактериалды уға айналатыны тағы бар.

Бактериалды у адамның ішек сөлінде ыдырамайды, ал оның кейбір түрлері керісінше өзінің әсерін күшейтеді. Әдетте токсин дайындалу үрдісі бұзылған тағам, үй жағдайында консервіленген өнім, тұздалған балық, шұжық, сүрленген шошқа еті, санырауқлақта жиналады.

Аурудың жасырын кезеңі 2-3 сағаттан 1-2 күнге дейін ғана созылады. Бастапқы көріністер – жалпы әлсіздік, бастың ауруы. Ботулизм кезінде жүйке жүйесі зақымдалады. Науқасқа айналысындағы барлық заттар бұлынғыр, қосарланып көрінеді, көз қарашығының бірі үлкейіп, бірі кішірейеді. Көбінесе китарлық, бір қабағының түсуі, аккомодацияның бұзылуы байқалады. Көз қарашығының жарыққа әсері болмайды. Науқас ауыз қуысында құрғақшылықты сезінеді,

даусы әлсіз, сөзі түсініксіз болады. Есі сақталып, дене қызуы қалыпты жағдайда немесе сәл жоғары болады. Бұл ауруға дер кезінде көмек көрсетілмесе, аз уақыттың ішінде өлімге алып келеді. Мұның алдын алатын жалғыз дәрі-дәрмек поливалентті сарысу.

Сондықтан дайындау, малды сою, ет өңдеу кезінде қатаң санитарлық ережелерді сақтау маңызды. Сапасы күмән келтіретін азық-түлікті қолданудан аулақ болған дұрыс. Денсаулық басты байлық екенін ұмытпайық.

**Алима АБДУШУКUROVA,**  
Қызылорда бөлімшесінің көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

# БІЛІМ БЕЛЕСКЕ ЖОЛ БАСТАР

Білімсіз прогресс болмайды. Бұл – елімізде жүргізіліп келе жатқан басты аксиома. Ал білімді ұрпақ қалыптастыру жолында мектептердің маңызы зор. Бұл ретте Арал ауданындағы №64 мектеп басекеге сай деп сеніммен айта аламыз.

Қоғамдық өмірде белсенділік те күн тәртібінен түспейді. 80 орындық акт залында жыл бойына үздіксіз мектепшілік, аудандық түрлі шаралар, ғылыми конференциялар, әдеби кеш пен кездесулер, мүшәйралар өтіп тұрады.

Заманауи мектеп ішінде кең жолақты 3 мегалайн желісі тартылған. Қосымша күшейткіш роутерлер қойылып, сынып кабинеттеріне интернет желісі орнатылған. Оқушылар игілігі үшін барлығы 75 компьютер және 52 планшет жұмыс істеп тұр.

Баланы ерте жастан еңбекке баулу маңызды мәселе. Ол – тәрбие тiнi. Сондықтан оқушылардың кабинетін шыңдайтын шеберханалар да қарастырылған. Мұнда қыздар колонер әлеміне терең бойлай алады. Оған қажетті техника да жанында. Ал ер балаларға арналған бөлім токарь, фреза, қайрақ секілді станоктармен жабдықталған. Мұнда болашақ қат мамандар ерте бастан қалыптасып жатыр десек болады.

Спортқа беімі жастар көбейгені қуантарлық. Тіпті осы қарапайым ауыл мектебінде болашақ чемпиондар шыңдалып жатқан да болар. Себебі мектептің кең спорт залында жыл көлемінде аудандық, облыстық

және республикалық деңгейде түрлі спорттық жарыстар ұйымдастырылып тұрады.

Мектеп тәрбие жұмысы да шет қалмаған. Осы мақсатта «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы жұмыс істеп тұр. Сонымен қатар «Ұшқыр ой» дебат клубы, «Полицияның жас көмекшілері» клубы, «Қозғалыс-



тың жас инспекторы» жасағы, «Қарлығаш» қыздар клубы, «Мирас» ер балалар клубы, «Мектеп театры» мен «Оқуға құштар мектеп» жобасы, «Мектеп парламенті» және пәндік үйірмелері де бар. Одан бөлек 171 оқушы мектептен тыс мекемелердің түрлі үйірме-курстарына қатысады.

Мектептің дамуы, балаларға арналған ыңғайлы

кабинеттер мен арнайы сыныптардың болуы көңілге қуаныш ұялатады. Осы ретте оқушылардың биология, химия пәндерінің практикалық сабақтарына көмегін тигізген және табиғатты қорғауға, еңбекқорлыққа бағытталған жылыжайды да айтып өткен жөн. Өткен жылы жылыжайда қияр, шалғам (редиска), ас көк, асжапырақ,

сарымсақ өнімдері алынып, мектеп жанындағы асханада пайдаланылды. Болашақта жылыжайдан алынатын өнімдерді одан әрі түрлендіріп, пайдаға асыру көзделіп отыр.

**Т.ТӨРЕМҰРАТОВ,**  
Құмбазар елді мекені

# ТӘРБИЕ ТАБАНДЫЛЫҚТЫ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ

Қай заманда болсын адамзат алдында тұратын мақсат-міндеттің ең бастысы – қоғамда өз орнын таба білген саналы ұрпақ тәрбиелеу. Жасөспірімдерге адамгершілік-рухани тәлім-тәрбие беру, болашағына бағыт-бағдар көрсету бәрінен маңызды. Ал оқушының бойына жағымды қасиеттерді сiңiру тек бiлiм берумен шектелмейдi. Яғни оқушының iшкi жан дүниесiн ояту және оң әсер ету нәтижесiнде оның жоғарыда аталған адами қасиеттерi қалыптасады.

Дегенмен балаға дұрыс тәрбие беру оған шектеу қою дегенді білдірмейді. Оқушылар рухани-адамгершілік қасиет пен мінез-құлқын өз іс-әрекетінде, яғни қоғам ортасында қалыптастырып, ерікті таңдай білген жөн. Демек бала тәрбиесіндегі басты мәселе – оның қоғам мүшесі ретіндегі позициясына құлақ асу, құрметтеу. Сондықтан да әрбір оқушы өзін-өзі рухани жетілдіру үшін білім алуға, өзін тәрбиелеуге ұмтылуы маңызды.

«Оқыту – тәрбиелеудің қуатты органы, бұл оғанды пайдалана білмеген педагог шәкірттерге әсер етудің ең басты және қажетті құралынан айырылады» деп бекер айтылмаса керек. Яғни жасөспірімнің бойына жастайынан ізгілік, қайырымдылық сынды қасиеттерді сiңiру мен тәрбиелеуде отбасымен қоса педагогтар да маңызды рөл атқарады. Педагог баланы тәрбиелеуде әр түрлі оң әдістерді пайдалана отырып, оқушыларының жеткен жетістігін зер салып талдауы қажет.

«Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» демекші, ата-ананың да күн сайынғы атқарып жүрген жұмысы, қоғамдағы іс-әрекеті, бала тәрбиелеудегі көзқарасы жасөспірімнің қалыптасуына әсер етпей қоймайды. Балалардың үлкендер не айтса соны айтқаны, не істесе соны қайталағаны келетіні белгілі. Демек ересектердің қоғамдағы жағымды әрекеті мен қасиеті жасөспірімдерге үлгі болмақ.

**Гүлмира ШАМШАДИН,**  
№265 негізгі мектептің ағылшын пәнінің мұғалімі,  
Арал ауданы, Үкілісай ауылы



# ТӘТТИНІҢ ТӨРЕСІ – ТОРТ



Торттар әуелде бүгінгідей әдемі әсемделген, тәтті әрі дәмді болмаған. Дөңгелек пішінді, екі жағы күйген нанды ертеректе торт деп атаса керек. Қазір тортсыз ешқандай той, туған күн, мерекелік шаралар өтпейтіні рас. Шырақ жағып, тілек тілеу – заманауи дәстүр. Еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін бұл үрдіске үйреніп те кетті.

Торттың пайда болу тарихын білесіз бе? Алғашында тортты туған күн иесіне емес, мерекеге шақырту есебінде майшамдармен безендіріп сыйлаған деседі. Ең бірінші торт 1785 жылы тарту етілген. 20 шілде – халықаралық торт күні. Араб Эмирттарында жас жубайлардың үйлену тойына арналған торт 75 млн долларға сатылған. Тәттіні сүйіп жейтіндер әрқашан торт сатып ала бермейді ғой. Осы тұста «капкейктер» пайда болды.

Торттардың өлшемі бұрын үлкен, көп қабатты болса, қазір шағындары да жоғары сұранысқа ие. Оның атауы – «Бенто». Құрамы мен крем де жыл санап дәм тұрғысынан өзгеріске ұшырады. Дәмі тіл үйіреді. Үлкен тойда көп қабатты торт жасау, одан ауыс тию ғұрпы әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтпаған. Соңғы уақытта тәттіні той ортасында дайындау белең алып, мұндай бейнероликтер әлеуметтік желіде таралды. Әрине нанын пісіріп жатпаса да, жеміс-жидекпен әрлегені көп назарында. Трендке айналған «гендер пати» мерекесінде де торттың орны айрықша.

Осы тұста торттың құнын атап кетпесек айып шығар. Мәселен, «Бенто» торт шағын болғанына қарамастан қымбат тұрады. Кемінде 5 мың теңгеден төмен түспейді. Бұл құрамындағы дәмдеушішке де байланысты. Дизайны да көз майынды тауысатын машақатты жұмыс. Оған қоса, тұтынушылар әртүрлі идеялар ұсынып, жазатын мәтінге де аса мән береді.

Аймақта «Меруерт», ал Қазақстанда «Нарру сәке» торт желілері сұранысқа ие. Көптің талғамына сай болған торттардың сатылымы жоғары. Көп таңдауы «Медовый», «Наполеон», «Тирамису» екеніне де талас жоқ. Кез келген мерекелік дастарқанның сәнін келтіретін тәтті түрі көбеймесе азаймақ емес.

Нұршат НЫШАНОВА



# АРАБА БИИ АРМАНҒА ЖЕТЕЛЕЙДІ

Басы 1-бетте

Есте болса, он шақты жыл бұрын облыс орталығында «Мүгедектерге арналған спорт клубы» мекемесі құрылған болатын. Басты мақсаты мүмкіндігі шектеулі жандардың спортпен айналысуына жағдай жасап, өңірдегі азаматтық қоғамды дамыту еді. Уақыт өте бұл мақсаттың да орындалғанын көрдік. Мекеме жанынан көптеген үйірме ашылып, өмір сынағына ұшыраған жандар спорттан мән тапты. Көбі бос уақытын тиімді пайдалануды көздесе, кейбірі кәсіби мансап жолына шыққан. Бәріне керекті құрал-жабдық, қажетті алаң қамтамасыз етілген.

Арбада отырып билеу үйірмесінің орны ерек. Мұндай өнер мен спортты тоғыстырған жандар эстетикалық көркемдік сыйлап, жоғары көрсеткішке жетуде. Тіпті пара бишілер түрлі республикалық додада топ жарып, аймақ абыройын асқататын келеді.

Апта басында мүмкіндігі шектеулі жандарға кәсіби әрі рухани бапкер бола білген Анатолий Цоймен тілдесіп, спортшылардың бабын білген едік. Сала маманы шәкірттерінің әлеуетіне сенім білдіріп, арбада отырып билеудің өңірдегі деңгейін айта кетті.

– Үйірмеге қатысушы әрбір адам жаңа қырын таниды. Өмірге құлшынысы артып, спортпен тұрақты айналысуға ықыласы ашылады. Арбада отырып билеудің негізгі мақсаты да осы. Яғни тағдыр сынағына жолыққан жанға үміт сыйлау. Бұл тұрғыда ойға алған мақсат орындалуы мүмкін. Шәкірттердің алды спорт шебері атағын алып үлгерді. Топта жұмыс істеу, адамдармен қарым-қатынас жүйесі дамыды десек, артық емес. Осы орайда спорт басқармасының қолдауы көп көмегін тигізуде, – дейді бапкер.

Жалпы аталған үйірме 2017 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Мұнда тірек қимыл жүйесі бұзылған кез келген адам тегін негізде қатысуға мүмкіндік бар. Тұрақты қолдау нәтижесінде керекті жабдықтан мұқтаждық туындаған емес. Мысалы, биыл жауапты басқарма үйірме қатысушыларына жаңа арба сыйлаған. Бапкердің сөзінше, мұндай жабдық спортшыларға қиын қимылдарды жасауға мүмкіндік беріп, парабишілердің халықаралық жарыстарға қатысуына жол ашпақ.

Роza Смағұлова – үйірме қатысушысы. 1999 жыл жол-көлік апатына түсіп, қол арбаға таңылған жан спортты серік етуге бел буады. Алғашында түрлі бағытта бақ сынағанымен, көбіне тұрақтамаған. Тек 2016 жылы пара бишілердің қатарына қосылды.

– Он шақты жыл бұрын әлеуметтік желіден арбадағы би үйірмесі туралы ақпарат көрдім. Алғашында жүрексініп, «Қолымнан келе ме?», «Дайындық қалай болады?» деген сауалдар маза бермеген еді. Солай жүріп, 2018 жылы арбадағы бимен айналысу үшін Қызылорда қаласына келдім. Қазір спорт шеберлігіне үміткермін. Жетістігім де жоқ емес. Мысалы, арбада отырып билеу бойынша республикалық чемпионатта 2018 жылы II орын, 2019 жылы I орын бұйырды. 2022 жылы пара спартакиададан фристайл аталымы бойынша I орын алдым, – дейді ол.

Мүмкіндігі шектеулі жандарға қолайлы орта құру қоғам міндеті екені белгілі. Арбада отырып билеу үйірмесінің мүшелері осындай қолдауды сезінгендер қатарында. Сырбайлық парабишілердің ендігі мақсаты – халықаралық дәрежеге шығып, ел байрағын желбірету.

Р.МАҚСҰТ



Суреттерді түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

# СӘЛЕМНІҢ ӘДЕБИ ӘДЕМІ МІНЕЗДЕН

Сәлемдесу – сыйластық белгісі. Адамдардың бір-біріне деген құрметі сәлемінен байқалып тұрады. Дегенмен заман өзгерді. Бұрынғандары қарт-қариямен амандасып, батасын алсақ, қазір бата алу былай тұрсын, қарапайым амандасудың өзі жанымызға жат болып кеткендей.

Таныс, керек адамдармен ғана амандасу нәліктен бойға сіңіп кетті? Тұрмыстың тұрпаты табанға тас қойғалы, адамдар эгоизмге басымдық бере бастады. Әрине қашанғы жұрттың жайын күйттей бересің? Оған уақыт та табылмайды. Осы сәтте үйдегі тәлім-тәрбие де, бабалар сабақтастығын жалғастыру секілді құндылықтар елеусіз қала береді. Тиісінше, адамдар да бір-біріне суық, күні түскен кезде ғана араласады. Айтқымыз келетіні осы бастан жастар тәрбиені дұрыс бағыттама, әдептің ең бірінші сатысы – амандасу мәдениеті қалыптаспаса, сыйластықтың сәні кетері анық.

Мысалды өмірден алсақ та болады. Мектеп табалдырығындағы оқушы мұғалімге, студенттер оқытушыларына қалай сәлем беру керек? Көршілер осы күні бір-бірімен жылы амандаса ма? «Сен тимессен, мен тиме, бадырақ көздің» кейіпін киіп, бұл құбылыс та нормаға айналғаны рас. Оқытушылардан

студенттердің амандасу әдебін білмейтіні туралы көп естиміз. Сәлемін берсе де құл-ықсыз, жай құтылсам болды дейтіндей. Бұрын үлкен көрсе орнынан ұшып тұратын жастардың орнына, «зомби» іспеттес «робот-студенттер» көбейді.

Мәдениеттің алғашқы баспалдағы сәлем беруден бастау алған. Ал қазақ халқының мәдениеті қалыптасу барысында сыйластықтың маңызын айшықтай білген. Үлкеннің жасын ардақтап, қай жерде болсын ілтипатын білдіріп, төрін берген. Жастар үлкенге бір қолын беріп амандаспаған, бұл тәрбиесіздік деп қатаң сынға түскен. Екі қолын ұсынып, болмаса жүрегіне қолын қойып, төс қағысып та амандасқан деседі.

Жалпы, амандасу өте қызықты дүние. Әр елдің салты басқа демекші, әлемде және Жапон елдері амандасу барысында бір-біріне 90 градусқа иіліп, құрмет көрсетеді. Ал Тибет елінде

тіл шығару – амандасу рәсімі. Бізге ерсі көрінгенімен, өздері үшін мағыналы. Жаңа Зеландия мемлекетінің тұрғындары тұмсық түйістірсе, Италияда бір-бірінің бетін кезектеп сүйетін көрінеді.

Амандасу – коммуникацияның алғашқы шарты. Онсыз әңгіме басталып, диалог құрылмайды. Айналыңызға позитив пен мейірім бөлу үшін сәлемдесуден бастаңыз. Амандық-саулық сұрасуды күнделікті әдетке айналдырып, бейтаныстың сәлеміне шошынбаған абзал. Кейде сәлеміне керекті жауабын бермей, ыммен ғана бас ізеп қоя беретіндер де бар. Психологиялық тұрғыдан осындай кері байланыс адам бойына үрей туғызып, келесі сәлемдесу функциясын өшіріп қояды. Ақырында бұл бойға еніп, ал ол қасиет ұмыт қалады. Қазір қарт кісілер ғана



Қорлан САРЫ

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ  
Марат АРАЛБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 77242/40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 77242/70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Қабылдау бөлмесі:  
Тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР  
Айдар САЙЛАУОВ

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018  
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А  
e-mail: aqmeshit\_zhastary.kz@mail.ru  
Instagram: @aqmeshit\_zhastary / сайт: aqmeshit\_zhastary.kz

Кезекші редактор:  
Нұршат НЫШАНОВА

Таралымы: 7103  
Тапсырыс: 218